

**Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына және "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітсін;

2) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үш жыл сайын қажетті бюджет қаржысының бөлінуін көздесін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Мемлекеттік бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 2 н а у р ы з д а ғ ы

N 5 7 0 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

# Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

## Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеуге негіздеме	Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
Негізгі әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақ мемлекеттік спорт және туризм академиясы
Қысқаша мазмұны	<p>Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы түрлі аймақтар мен халықтың әлеуметтік-демографиялық топтарына арналған жекелеген дене тәрбиесі бағдарламаларын әзірлеу кезінде басшылыққа алынатын негізгі қағидаттық ережелерін құрайды және мыналарды көздейді:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарына арналған дене тәрбиесінің с а б а қ т а с т ы ғ ы ;</li><li>2) дене шынықтыру-спорттық қозғалысты басқару жүйесін жетілдіру;</li><li>3) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілері желісін дамыту;</li><li>4) мамандарды даярлау және саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету;</li><li>5) дене шынықтыру-спорттық іс-шараларды өткізуді жетілдіру;</li><li>6) саланы ұйымдық, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету;</li></ol>

7) салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде дене шынықтыруды және спортты насихаттау;

8) жоғары білікті спортшылар даярлаудың және спорт резерві мәселелерін шешу

Бағдарламаны Республикалық және жергілікті бюджет қаржыландыру қаражаттары, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері

Күтілетін нәтижелер Балалар мен жасөспірімдерді іспен қамтуды арттыру жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, нақты дене шынықтырумен және спортпен айналысушылардың санын өсіру, лайықты спорт резервін даярлау, Қазақстан спортшыларының халықаралық аренада табысты өнер көрсетуін қамтамасыз ету. Аурулардың алдын алу ел халқының денсаулығын сақтау және нығайту

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490 Заңына сәйкес әзірленді.

Мемлекеттік бағдарлама мектепке дейінгі жастағы балалардың, оқушылардың және студент жастардың, орта және егде жастағы халықтың, мүгедектердің дене тәрбиесінің, спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың басты аспектілерін қамтиды, дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамытуды, ғылыми-зерттеу базаны құру және нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді қ а р а с т ы р а д ы .

Осы Мемлекеттік бағдарлама "Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының " қисынды жалғасы болып табылады, оны іске асыру дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының және республиканың жергілікті атқарушы органдарының бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыруға, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорт резервін даярлауға назар аударуына мүмкіндік берді.

Бұрынғы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде, республикада дене

шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны 24,1 пайызға өсті, бұқаралық дене шынықтыру-спорттық іс-шараларын өткізудің саны едәуір артты, салалық спартакиадаларды, оқушылардың спартакиадасын және студенттік универсиадаларды өткізу қайта қолға алынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін, олимпиада резерві желісі мектептерін қысқарту тоқтатылды. Қазіргі уақытта, республикада 290 спорт мектебі жұмыс істейді, оларда 134 мың балалар мен жасөспірімдер шұғылданады. Мектептен тыс мекемелер саны арта бастады, тұрғылықты жері бойынша жұмыс жанданды. Спорттағы дарынды балаларға арналған жаңадан 6 мектеп-интернат ашылды, соның нәтижесінде, мектеп-интернат оқушыларының саны 942-ден 2385-ке жетті. Спорт резервін даярлаудың облыстық орталықтарын құру жөнінде жұмыс басталды, халықтың дене дайындығының президенттік сынақтары әзірленіп, ол табысты енгізілуде. Республикада кәсіптік спорт клубтарын, тұрғылықты жері бойынша клубтарды және отбасылық спорт клубтарын құру басталды, салауатты өмір салты қағидаттарын дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы насихаттау жөнiндегi жұмыс жанданды.

Сонымен бірге, спорт базаларының жағдайы, республикадағы мектеп жасындағы балалардың 7 пайызына ғана оларда сабақтар ұйымдастыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар балалар-жасөспірімдер спорт мектебі желісінің жеткіліксіз дамытылуы, жоғары білікті жаттықтырушы-оқытушылардың тапшылығы халықтың, әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын толық қанағаттандырмайды. Сапалы мүкаммалмен және жабдықтармен жарақтандырылған қазіргі заманғы спорт объектілерінің, олимпиадалық даярлық орталықтарының және спорт резерві орталықтарының болмауы елдегі спорт резервін даярлау мен спорт шеберлігін арттыруды тежеп отыр.

Дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту, спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгеріп жатқан талаптарын ескере отырып, оқу жаттығу процесін және бұқаралық дене шынықтыруды ұйымдастыруда жаңа көзқарасты талап етеді.

Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу дене шынықтыру және спорт саласында қалыптасқан ұйымдық және құқықтық қатынастарға өзгерістер енгізу, Қазақстан спортының халықаралық аренадағы жоғары беделін сақтау, халықтың қалың жіктерін спортпен жүйелі шұғылдануға тарту, дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын енгізу қажеттігінен туындады.

## **1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы проблеманың қазіргі жәй-күйін талдау**

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спортының жай-күйі, әлемдік спорт дамуының қазіргі заманғы үрдістері республикада спортты дамыту жөнінде түбегейлі шұғыл шаралар қабылданбайынша, қазақстандық спортшылардың әлемдік аренадағы көрсеткіштері төмендей беретінін көрсетіп отыр.

Халықаралық стандарттардан қалуымыздың себебі, ең алдымен, бүгінгі күні әлемдік биік талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы спорт базаларының жоқтығы болып табылады.

Қазіргі заманғы спорт деңгейі өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуінде ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды рөл береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау ісіндегі жаңа жетістіктер, арнайы киім, құрал-сайманмен жарактандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт жақсартуға жеткізді және ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарда қарыштап енетінін айқындады.

Бүгінгі күні республикадағы дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасының жай-күйі, халықтың дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын қанағаттандырмайды, ұйымдарда дене шынықтыру мамандары жетіспейді, кәсіпорындарда, тұрғылықты жері бойынша және бұқаралық демалыс орындарында спорт ғимараттарының, қарапайым спорттық мүкамалдардың және жабдықтардың жетіспеуі өткір сезіледі.

Ел халқының дене қозғалысы белсенділігінің төмендігі жүрек-қан аурулары мен тыныс жолдары органы ауруларынан өмір сүру жасын қысқартуға әсер ететін және өлім деңгейінің жоғары болуына әкеп соқтыратын факторлардың бірі болып табылады. Ел тұрғындарының тұратын аймағына қарай 5-тен 10,5 пайызы ғана дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданады.

Білім беру жүйесінде де спортты дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Республикадағы жалпы білім беретін оқу орындарының тек 56,5 пайызында ғана бір үлгідегі спорт залдары және 14,9 пайызында бейімделген спорттық үй-жайлар бар. Республикадағы орта және жалпы кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтарының көлемі ғылыми негізделген нормативтен 3-4 есе төмен. Қозғалыс белсенділігінің жоспарланған ғылыми негізделген деңгейіне жету үшін жалпы білім беретін оқу орындарында дене шынықтырудан аптасына міндетті үшінші сабақ енгізу қажет, оқу процесін спорттық мүкамалдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету қажет.

Сабақтан бос уақытта сыныптан тыс дене шынықтыру-сауықтыру және

спорттық бұқаралық жұмыс дамымай отыр. Тұмау және түрлі созылмалы ауруларына бейім балалардың және жасөспірімдердің саны арта түсуде. Бұл ретте, денсаулығына байланысты арнайы медициналық топтардағы оқушыларға сабақ жекелеген оқу орындарында ғана жүргізіледі.

Тұтас алғанда, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының жай-күйі бұқаралық спортты одан әрі дамыту, халықтың арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жандандыру, спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жөнінде кідіріссіз, нақты шешімдер қабылдауды талап етеді.

## **2. Негізгі мақсаттар мен міндеттер**

Мемлекет дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру жолымен, дене шынықтыруды және спортты дамытудың тиісті қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік, медициналық, ақпараттық, нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін құру арқылы қатынастарды реттейді, барлық үлгідегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша спорт және балалар клубтарының, мүгедектерге арналған мамандандырылған топтардың, емдеу-дене шынықтыру диспансерлері санын көбейту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жағдайлар жасайды.

*Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары:*

елде дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту;  
халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар жасау, олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және х а л ы қ о й ы н д а р ы н д а м ы т у ;

саланы басқарудың оңтайлы жолдарын және қазіргі тәсілдемесін белгілеу;  
дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдарды жетілдіру;  
бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спорты саласында спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз етілуі жөнінде з е р т т е у л е р жү р г і з у ;

спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау.

*Мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттері:*

дене шынықтыруды және спортты насихаттау жолымен салауатты өмір салтының қағидаттарын орнықтыру, халықтың неғұрлым кең жіктерін дене шынықтырумен жүйелі айналысуға тарту;

халықтың дене тәрбиесі дайындығының президенттік сынақтарын енгізу;  
дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту

және дамыту, спорт ғимараттарына халықтың кең жіктері үшін қол жетімділікті қамтамасыз ету;

құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жұмыс істемейтін және оқымайтын жастарды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту; дене шынықтыру-спорттық бірлестіктерінің және спорт клубтарының жұмысын жандандыру;

балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің желісін және олимпиадалық резерв мектептерін дамыту, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, олимпиадалық резервті даярлаудың аймақтық орталықтарын, олимпиадалық даярлаудың республикалық орталықтарын құру; дене шынықтыру және спорт жөніндегі ақпараттық-білім беру және насихаттық қызметті күшейту;

жоғары жетістіктер спорты үшін, сондай-ақ халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарымен жұмыс істеу үшін дене тәрбиесі мамандарын даярлау және қайта даярлау жүйесін құру;

дене шынықтыру және спорт саласында озық технологияны енгізу және шетелдік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ұйымдарымен тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту мен орнату жөніндегі қызметті жандандыру.

### **3. Дене шынықтыру және спортты дамытудың негізгі бағыттары**

Мемлекеттік бағдарлама салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы ретінде бұқаралық дене шынықтыру - сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмысты дамытудың, еңбекпен оңалтудың, белсенді ұзақ жасаудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатымен спорт секцияларында балалар, жасөспірімдер мен жастардың қамтылуын арттырудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ дене тәрбиесі процестерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді, спорт резервін және халықаралық спорт ареналарында Қазақстанды лайықты көрсетуге қабілетті жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлауды көздейді.

Мемлекеттік бағдарлама халықтың әртүрлі жастағы топтарының дене тәрбиесін ұйымдастыруда сараланған көзқарасын қарастырады.

#### *Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі*

Балалардың өмірге деген қажетті негізгі қозғалыс дағдылары ерте жастан, сәби дұрыс жүруді, отыруды, тұруды үйрене бастағанда қалыптасады, ол қарапайым дене жаттығуларын орындауды, кеңістікті бағдарлауды, шынығу процедураларын қабылдауды, салауатты өмір салтының негізі болып табылатын күнделікті дене шынықтыру-спорттық жаттығуларды үйренуге әдеттенеді. Осы

жастағы балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру олармен мектепке дейінгі мекемелерде және отбасында мектепке дейінгі жаттығуларды эмоциональды ойын түрінде, әдетте, ашық ауада, олардың мазмұнын тұрақты жаңалай отырып, өткізуді талап етеді. Дене жаттығулары сабағының негізінде балалардың функционалдық мүмкіндіктерін арттыратын, ағзаның күллі физикалық қасиеттерін дамытатын жан-жақты дене дайындығы болуы керек. Педиатрия және дене шынықтыру мен спорт саласының жетекші ғалымдары мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған қозғалыс белсенділігі көлемінің аптасына кемінде 10-12 сағат болуын ұсынады.

Бұл міндеттерді шешудің негізгі бағыттары:  
мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде және халықтың тұрғылықты жері бойынша материалдық база құру;

мектепке дейінгі мекемелерде дене тәрбиесі жөніндегі оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

ата-аналар үшін отбасында мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі жөніндегі әдістемелік құралдар және ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

#### *Оқушылардың және студент жастардың дене тәрбиесі*

Оқушылардың және студент жастардың дене тәрбиесі олардың дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға жоғары мұқтаждықты және салауатты өмір салтын қамтамасыз етуді мұрат етеді. Спорт түрлеріне, дене жаттығуларының жүйесіне қызығушылықты ескере отырып, міндетті дене шынықтыру сабақтарын дене мәдениеті сабақтарына айналдырып, оқудан біртіндеп, оқудан тыс және аудиториядан тыс жұмысқа көшуді қамтамасыз ету қажет. Сабақтарда табиғат факторларын ұтымды пайдалануға үйрету, еңбек пен демалысты ұштастыру, дене жаттықтыру, денені баптау және қауіпсіздік техникасы негіздеріне үйрету, жүктеме көлемін және қарқынын үйлестіру, жаттығуларды дұрыс орындауға және олардың дәйектілігіне, ағзаның физиологиялық ерекшеліктері туралы теориялық білімнің қажетті көлемін беру, дене жаттығуларымен шұғылданудың гигиенасына үйрету қажет.

Оқушылардың және студент жастардың дене тәрбиесі негізгі қозғалыс қасиеттерін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз етуді, дене шынығуын дамыту және денсаулықты нығайтуды, салауатты өмір салтын жүргізудің саналы қажеттігін тәрбиелеуді мұрат етеді.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында:

жалпы орта білім беру ұйымдарында дене шынықтыру мен спорт бойынша міндетті үшінші сабақ енгізу және бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім ұйымдарында дене шынықтыру бойынша аптасына төрт сағаттық міндетті сабақтар енгізуді;



мектептегі сабақтардың мазмұнын толықтыратын дене шынықтыруды мектептен тыс ұйымдастырудың нысандарын жетілдіру, міндетті дене шынықтыру сабақтарынан кейін, оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, спорт түрлері бойынша жаттығуларға одан әрі көшу мақсатымен жаттығу бағдарламаларының қазіргі заманғы нұсқаларын әзірлеу;

оқушы және студент жастармен олардың физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптан тыс, сабақтан тыс және аудиториядан тыс жүргізілетін жаттығулар жүйесін жетілдіру;

мектеп оқушыларының қысқы және жазғы спартакиадаларын ұйымдастыру және өткізу, орта арнаулы оқу орындарында оқушылардың спорт фестивальдарын және студенттік универсиадаларды ұйымдастырып, өткізу;

оқушылар мен студент жастардың аптасына 8-10 сағаттан кем емес дене шынықтыру және спортпен белсенді шұғылданудың көлемін орындауы қажет.

### *Еңбекшілер мен егде жастағы азаматтардың дене тәрбиесі*

Еңбекшілер мен егде жастағы азаматтардың дене тәрбиесі денсаулықты сақтау мен нығайту, аурулардың алдын алу және шығармашылық пен өмірлік белсенділікті арттыруды көздейді.

Дене шынықтыруды және спортты еңбекті ұйымдастыру және азаматтардың демалысы жүйесіне ендіру, өндірістік гимнастика, емдеу дене жаттығуларының сауықтыру мазмұнын күшейту еңбекшілердің кәсібінің, жасының, білімінің ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек белсенділігі мерзімін ұзарту үшін міндетті дене жаттығуларын ұтымды пайдалану мақсатында құрылуы қажет.

Дене шынықтыру және белсенді спорт жаттығуларының аптасына 3-4,5 сағаттан кем емес көлемін жұмыстан бос уақытта орындау үшін жағдайлар жасалуға тиіс, ол үшін:

дене шынықтыру және спортты жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы ұжымдық шарттар арқылы еңбек пен демалысты ұйымдастыру жүйесіне енгізу;

ұйымдарда және бұқаралық демалыс орындарында дене жаттығуларымен шұғылдануға және бос уақытты белсенді өткізу үшін жағдайлар жасау;

еңбекшілер мен егде жастағы азаматтар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; еңбек етуге қабілетсіз адамдарды дене шынықтырумен шұғылдануға тарту, белсенді ұзақ өмір сүруді ынталандыру мақсатымен еңбекшілер мен егде жастағы азаматтардың қозғалыс режимін оңтайландыру үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын пайдалану;

кәсіптік-қолданбалы дене дайындығын енгізу; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру қажет.

### *Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт*

Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт олардың қоғамға бейімделуі үшін қажетті психологиялық жағдайлар жасайды. Спорттық іс-шараларға белсенді қатысу психикалық теңдікті қалпына келтіреді, сенімділік сезімі мен өзін құрметтеу сезімін қайтарады және шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан, белсенді өмірге қайта келуге мүмкіндік береді.

Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру мен спорт жан-жақты дене оңалтуды, ортаны бағдарлау мүмкіндіктерін кеңейтуді, өзінің денесін игеруді және әлеуметтік бейімділікті көздейді.

Негізгі бағыттар:

мүгедектердің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына қажетті жағдайлар жасау;

мүгедектерді дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы оңалту үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу; халықаралық жарыстарға даярлау мен қатысуға жәрдем көрсету.

*Ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту*

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Бұл халықтық педагогиканың сарқылмайтын қазынасы және қазіргі заман жағдайында оның пәрменді күші бар, себебі онда халық арасында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмысты дамытудың және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті дайын қалыптарының негізі салынған. Олардың сауықтыру мүмкіндіктері мен қолданбалы сипатын аша отырып, ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын одан әрі дамыту жөнінде нақты шаралар қолдану қажет. Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту Қазақстанда тұратын халықтар арасындағы мәдениеттердің де өзара кірігу процесінде үлкен рөл атқарады.

Техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту жастардың дене дайындығын, арнайы дене қасиеттерін жетілдіруді, әскери-техникалық және қолданбалы дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Халықтың осы спорт түрлерімен шұғылдануы олардың шығармашылық ойлауын дамытуға, техникалық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту:

ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту, оларды қазіргі дене тәрбиесі жүйесіне енгізу үшін жағдайлар жасауды;

балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін дамытуды;  
отандық ат әбзелдерін, спорт киімдерін, мүкамалдарды және ұлттық спорт түрлері үшін жабдықтар өндірісін дамытуды, арнайы спорт ғимараттары мен и п п о д р о м д а р с а л у д ы ;

ұлттық спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту жөніндегі республикалық орталықты, көкпар ұлттық ойыны бойынша спорт клубтарын құруды, сондай-ақ оларды шетелде насихаттауды көздейді.

#### *Спорт резервін даярлау*

Спорт резервін даярлау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру одан әрі спорттық жетілдіру, республиканың ұлттық құрама командаларын спорт түрлері бойынша толықтыру үшін перспективалы спортшыларды таңдау мақсатында балалар мен жасөспірімдерді спортпен тұрақты шұғылдану сабақтарын ұйымдастыруды к ө з д е й д і .

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін және олимпиадалық резерв мектептерін, спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарды, спорт түрлері бойынша олимпиадалық резервтің даярлау орталықтарын біріктіретін спорт резервін даярлау жүйесін құру қажет. Мектеп оқушылары мен студент жастар арасында республикалық жарыстарды өткізуді қ а й т а ж а ң ғ ы р т у қ а ж е т .

Спорт резервін сапалы даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ж а л ғ а с т ы р у ү ш і н :

балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің желісін және олимпиадалық резерв мектептерін дамыту;

еліміздің барлық аймақтарында спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар құру;

олимпиадалық резерв даярлау орталығын құру;

материалдық-техникалық базаны дамыту және оны қазіргі заманғы жабдықтармен және мүкамалдармен жарақтандыру қажет.

#### *Халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау*

Халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың негізгі бағыттарының бірі республиканың ұлттық құрама командаларында оқу-жаттығу процесін орталықтандырып өткізу болып табылады. Олимпиадалық дайындықтың біріздендірілген кешенді орталықтарын құруды көздеу қажет, олар өздеріне қазіргі заманғы жеңілатлетикалық ядроны, жүзу бассейнін, спорттық мамандандырылған залдарды, жабдықталған тренажер залдарын, рекреациялық жабдықтар жүйесін құруды қоса, жаттығу процесі үшін қажетті объектілердің толық циклін біріктіруі тиіс. Бұл ретте, спорт ғимараттары жалпы дене дайындығының қалыпты процесінің талаптарына да, спорттың белгілі бір түрінің ерекшелігіне де сай болуы тиіс. Республикалық спорт орталықтарын жекелеген

қалаларда белгілеп, құру қажет, ал басқаларында спортшыларды даярлау жергілікті деңгейде шоғырланған шағын орталықтарды құру қажет.

Жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау:

жоғары жетістіктер спорты үшін материалдық-техникалық базаны жасауды, оны қазіргі заманғы мүкамалдармен және жабдықтармен жарактандыруды;

спорттың ойын түрлері бойынша спорт клубтарын құруды;

республиканың ұлттық құрама командаларының әлем, Азия чемпионаттары және Олимпиада мен Азия ойындарына, басқа да халықаралық спорт іс-шараларын қоса алғанда, халықаралық жарыстарға қатысуын көздейді.

*Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету*

Болжамды негізде спортты тұрақты, жоспарлы дамыту үшін, ғылыми және технологиялық ойдың жаңа жетістіктерін ескере отырып, оларда бұқаралық дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спорты саласындағы зерттеулер мен талдамалар шоғырланған, тиісті қазіргі заманғы жабдықтармен жарактандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығын құру қажет.

Бұл қағида толығымен жаттықтыру және жарыстыру процестері кезінде медициналық қамтамасыз етуге де қатысты болады. Қазіргі уақыттағы спорттың дамуы осындай, онда бірінші кезекке осы саладағы жаңа жетістіктер негізінде спорттық қызметтің медициналық-биологиялық реттелу деңгейі шығады.

Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету:

бұқаралық дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спорты проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу институтын құруды;

халықтың дене тәрбиесі және сауықтыру жүйесін жетілдіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізуді;

спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін оңтайландыруды;

оқу-жаттығу процесін әдістемелік және медициналық-биологиялық қамтамасыз етуді;

спортшыларды психологиялық даярлауды;

спорттық жаракаттанушылықтың алдын алу емдеу және қайта қалпына келтіру, оқу-жаттығу процесін медициналық қамтамасыз етуді;

спортшылардың республикалық допингке қарсы зертханасын арнайы жабдықтармен жарактандыруды;

облыстық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін құруды; денсаулық орталықтары желісін ұйымдастыруды көздейді.

*Кадрларды даярлау және мамандардың біліктілігін арттыру жүйесі*

Бұқаралық дене шынықтыруды және жоғары жетістіктер спортын дамыту проблемаларын табысты шешу үшін жаңа мамандықтардың (шығыс жекпе-жегі,

ұлттық және қолданбалы спорт түрлері, халық ойындары) енгізілуін ескере отырып, саланы жаттықтырушы-оқытушылар кадрларымен қамтамасыз ету, сондай-ақ дене шынықтыру мен спорт қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан спорты жоғары білікті жаттықтырушылар тапшылығын сезіп отыр. Қазіргі спорт әсіресе әртүрлі жаңалықтарға ұшырауға бейім және де спортшылармен жұмыс істеудің жаңа әдістемелерін меңгерген мамандарды дайындауға айрықша көңіл бөлуді талап етеді.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

республиканың жетекші жаттықтырушыларын шетелдік спорт орталықтарында оқытуды ұйымдастыру;

аймақтардың қажеттіліктерін ескере отырып, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың даярлануы мен қайта даярлануын қамтамасыз ету қажет.

#### *Материалдық-техникалық базаны дамыту*

Елдің дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының желісі олардың жеткіліксіз санымен, негізінен сапасының төмендігі және біркелкі орналастырылмауымен сипатталады.

Халықтың барлық топтарының, әсіресе балалардың, жасөспірімдер мен жастардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдай жасау қажет, қолда бар дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, осы ғимараттардағы қызмет көрсету сервисінің қажетті деңгейін, олардың қол жетімділігін және тартымдылығын қамтамасыз ету қажет.

Республикада материалдық-техникалық базаны дамыту мыналардың есебінен жүзеге асырылуы тиіс:

қолда бар спорт ғимараттарын, қолданыстағы спорт алаңдарын қайта жаңғырту және жаңалау, спорт залдары мен спорт кешендерін шағын комплектілі және әмбебап спорт жабдықтарымен жарақтандыру;

спорт алаңдарын, спорт залдарын және басқа да ғимараттарды халықтың жаппай тұратын жерлері мен демалыс орындарында салу;

тұрғын үйлер алабы аумақтарында ойын және серуен алаңдарын, жүгіру жолдарын, велосипед және шаңғы трассаларын жоспарлау және салу, бұқаралық жарыстар өткізу үшін орындарды жабдықтау;

халықтың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын өткізу үшін қолда бар спорт ғимараттарын кеңінен пайдалану.

#### *Халықтың дене тәрбиесі және дене шынықтыру мен спорт саласындағы ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі*

Республикада дене тәрбиесін жалпы басқаруды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар

халықтың дене тәрбиесін басқару жөніндегі аумақтық құрылымдық бөлімшелерді аудандық буынды қоса құрады, бұқаралық дене шынықтыру және спорт жұмысының негізгі талаптарын ескере отырып, аймақтағы халықпен жүргізілетін жұмыстың, спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың бағыттарын әзірлейді, дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамытады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұқаралық дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының тәжірибесін байытуға ықпал ететін іргелі, қолданбалы және әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыруға және жүргізуге жағдай жасайды.

#### *Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру*

Бұқаралық дене шынықтыруды және жоғары жетістіктер спортын дамыту нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, оның ішінде:

тұрғын үйлер алабының спорт ғимараттарымен қамтылу нормативтерін қ а б ы л д а у д ы ;

мектепке дейінгі мекемелердің және оқу орындарының спорт ғимараттарымен қамтылу нормативтерін қабылдауды талап етеді.

#### *Ақпараттың-насихат жұмысы*

Ақпараттық-насихат жұмысы мыналарды:

салауатты өмір салтын насихаттауды;

дене жаттығуларының адам ағзасына, әсіресе, жас және егде жастағы адамдарға тигізетін пайдалы ықпалы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді к ө з д е й д і .

Халықты ақпараттандыру жөніндегі жұмыс жан-жақты дене дайындығының қажеттігін түсіндіруге бағытталып, ғылыми негізделуі тиіс.

Белгілі спортшыларды, әлем, Азия, Олимпиада және Азия ойындарының чемпиондарын және жүлдегерлерін, еңбегі сіңген спорт шеберлері мен жетекші жаттықтырушы-педагогтарды халықпен жұмыс істеуге тарта отырып, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану сабақтарын кеңінен таратып, жүзеге асыру қ а ж е т .

Азаматтардың өздігінен білімін арттыруға, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануына тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ықпал ететін танымал басылымдарды, әдістемелік оқулықтарды, басқа да көрнекі құралдардың шығарылуын көздеу қажет.

#### **4. Бағдарламаны қаржыландыру**

Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру дене шынықтыру мен спортты дамытуға мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат есебінен, Қазақстан

Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздерін тарту арқылы жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік бағдарламада көзделген іс-шараларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі республикалық бюджет туралы заңмен және тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттардың шешімдерімен белгіленетін болады.

## 5. Күтілетін нәтижелер

Қоғамда салауатты өмір салты қағидаттарын орнықтыру, демографиялық ахуалды жақсарту үшін жағдай туғызу.

Дене шынықтырумен және спортпен іс жүзінде шұғылданушы азаматтардың санын 10-15 пайызға ұлғайту, соның нәтижесінде халық арасында ауруға шалдығу деңгейін төмендету.

Республиканың балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спорт секцияларында спортпен шұғылданушы балалар мен жасөспірімдердің санын 180-нен 200 мыңға дейін арттыру жеткіншек ұрпақ арасында құқық бұзушылықтардың санын төмендету.

Еліміздің барлық аймақтарында спорттағы дарынды балалар үшін мектеп-интернаттар ашу.

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына халықаралық дәрежедегі спортшыларды және болашағы бар спорт резерві кандидаттарының санын ұлғайту.

Ұлттық, қолданбалы, техникалық спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту арқылы жастарды спортпен белсенді шұғылдануға тарту.

Халықаралық аренада Қазақстанның биік бет-бейнесін сомдауға қабілетті халықаралық дәрежедегі спортшылар даярлауға жағдай жасау.